

Кімге: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі басшылығына

Автор: Жамила Султанова, «Жәйрем кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы

Күні: 21.04.2025 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Қазақстандағы тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу мәселелері мен даму перспективалары

Кілт сөздер:

қоқысты өңдеу, қалдықтарды басқару, экология, қайта өңдеу, қалдық полигондары

Кіріспе:

Қазақстанда тұрмыстық қатты қалдықтардың (ТҚҚ) жиналу көлемі жыл сайын өсіп келеді. 2023 жылғы деректерге сәйкес ел бойынша 5 миллион тоннадан астам ТҚҚ жиналған, оның тек 18%-ы қайта өңдеуден өткен. Қалған бөлігі полигондарға көміледі, бұл экологиялық қауіпсіздікке айтарлықтай қатер төндіреді.[1].

Аналитикалық жазбаның мақсаты — Қазақстандағы қоқысты өңдеу мәселесін саралап, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған ұсыныстар әзірлеу. Зерттеу әдістері ретінде статистикалық талдау, салыстырмалы әдіс және халықаралық тәжірибе зерттелді.

Негізгі бөлім:

Қазақстанда қалдықтарды басқарудың қазіргі жүйесі толыққанды тиімді емес. 3 000-нан астам қоқыс полигонының тек 18%-ы экологиялық талаптарға сай келеді.[2]. Қоқысты бөлек жинау жүйесі қалаларда ғана енгізілген, ал ауылдық аймақтарда бұл жүйе жоқтың қасы.

Халықаралық тәжірибе:

Германия, Швеция және Жапония елдерінде қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеу үлесі 50-70% аралығында. Бұл мемлекеттерде:

- Қоқысты бөлек жинау жүйесі толық енгізілген;
- Қайта өңдеу зауыттары кеңінен жұмыс істейді;
- Халық арасында экологиялық тәрбие жүйесі дамыған. [3].

Мысалы, Швецияда қалдықтың тек 1%-ы ғана полигондарға жіберіледі. Қалғаны қайта өңделіп немесе энергия өндіруге пайдаланылады. [4].

Негізгі проблемалар:

- Қоқыс сұрыптау мен қайта өңдеу инфрақұрылымының жетіспеушілігі;
- Тұрғындар арасында экологиялық мәдениеттің төмендігі;
- Қайта өңделетін шикізатқа сұраныстың аздығы;
- Жүйелі мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіздігі.

1. Қоқыс сұрыптау және қайта өңдеу инфрақұрылымының жеткіліксіздігі:

Қазақстанда жыл сайын 5 миллион тоннадан астам тұрмыстық қатты қалдық (ТҚҚ) шығарылады.

2023 жылғы мәлімет бойынша, осы қалдықтардың тек 20%-ға жуығы ғана қайта өңделеді, қалғаны полигондарға тасталады.

2. Халық арасында экологиялық мәдениеттің төмен деңгейі:

Экологиялық ағарту және білім беру жұмыстарының шектеулі болуы – негізгі себептердің бірі.

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметінше, тұрғындардың 60%-дан астамы қоқысты сұрыптамайды және қайта өңдеу туралы жеткілікті ақпаратқа ие емес.

3. Қайта өңделетін шикізатқа сұраныстың аз болуы:

Елімізде қайта өңдеу саласында жұмыс істейтін кәсіпорындар саны аз.

Экологиялық саясат пен ынталандыру шараларының әлсіздігі қайта өңделген өнімдерге деген тұрақты сұраныс қалыптастыруға кедергі келтіреді.

4. Жүйелі мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіздігі:

Қайта өңдеу саласына бөлінетін мемлекеттік қаржыландыру мен жеңілдіктер көлемі шектеулі.

Заңнамалық тұрғыда реттеу жүргізілсе де, тиімді бақылау және ынталандыру механизмдері жеткіліксіз.

Қауіптер мен қиындықтар:

- Экологиялық ластану деңгейінің артуы;
- Полигондардың көбеюі және олардың санитарлық нормаларға сәйкес келмеуі;
- Табиғи ресурстардың тиімсіз пайдаланылуы.

Қазақстанда экологиялық ластану индексі жыл сайын өсіп келеді, әсіресе ірі қалалар мен өндірістік аймақтарда (мысалы, Алматы, Теміртау, Атырау).

2023 жылы елдегі полигондардың жалпы ауданы 10 мың гектардан асты, олардың басым бөлігі тозған және қауіпсіздік нормаларын бұзады.

Табиғи ресурстарды (су, жер, пайдалы қазбалар) тиімсіз пайдалану салдарынан экожүйеге түсетін жүктеме артуда.

Даму сценарийлері:

Пессимистік: қазіргі жүйе сақталса, полигондар саны 2030 жылға дейін 30%-ға артып, экологиялық ахуал нашарлайды.

Оптимистік: қоқысты қайта өңдеу үлесі 2027 жылға қарай 30%-ға жетіп, экологиялық жүктеме азаяды.

Негізгі: мемлекеттік қолдау және инфрақұрылымды дамыту арқылы 2025-2027 жылдары қайта өңдеу үлесін 25%-ға жеткізу.

Қорытынды:

Қазақстанда қоқысты өңдеу саласын дамыту — экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды бөлігі. Қазіргі инфрақұрылым жеткіліксіз, ал халықтың экологиялық мәдениеті төмен деңгейде. Дегенмен, халықаралық тәжірибені енгізу арқылы бұл мәселені оңтайлы шешуге болады.

Қазақстандағы тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесі қазіргі таңда бірқатар өзекті мәселелерге тап болып отыр. Инфрақұрылымның дамымауы, құқықтық базаның жетілмегендігі және халықтың экологиялық сана-сезімінің төмендігі қалдықтарды тиімді өңдеуге кедергі келтіруде. Бұл тек экологиялық емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық мәселе ретінде де қарастырылуы тиіс.

Соған қарамастан, қалдықтарды басқару саласының дамуында оң перспективалар да бар. Мемлекеттік қолдау, жеке сектордың қатысуын ынталандыру, халықаралық тәжірибені енгізу және экологиялық ағарту жұмыстарын күшейту арқылы Қазақстанда қалдықтарды өңдеу көрсеткішін арттыруға болады. Бұл елдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, жасыл экономикаға көшу жолындағы маңызды қадам болмақ.

Ұсынымдар:

Қала және аудан деңгейінде қоқысты бөлек жинау жүйесін кезең-кезеңімен енгізу.

Қайта өңдеу кәсіпорындарына салықтық жеңілдіктер беру және мемлекеттік қолдау көрсету.

Халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін жүйелі ақпараттық бағдарламалар ұйымдастыру.

Қалдықтарды өңдеуге арналған заманауи зауыттар санын арттыру.

Халықаралық тәжірибе негізінде қалдықтарды басқару стандарттарын жаңарту.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар министрлігі. Экологиялық есеп-2023. — Астана: 2024.
2. «Қалдықтар туралы» ҚР Заңы, 2007 жылғы 30 желтоқсан № 125-IV. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000125_
- European Environment Agency. Municipal waste management in Europe: 2022 review. // <https://www.eea.europa.eu>
3. Swedish Waste Management Association. Sweden's recycling revolution. // <https://avfallsverige.se>